

ЕГЕМЕН

ҚАЗАҚСТАН

Қарапайымдылық пен кәсібилікті қатар ұштастырған

Қандай қызмет атқарып жүрсе де қарапайымдылығынан айнымай, барлық ынта-шынтасымен мойнындағы міндетін қалайда жақсы орындауды ғана ойлап жүретін жігіттер болады. Кәсібіне адал берілген ондайлар бәз біреулер секілді күйбең тірліктің күйкі мәселелерінен қай күнде биік тұрып, бойын аулақ ұстайды. Сондықтан да іштегі ойларын күлбілтелемей, турадан тура лақ еткізіп айта салады.

Парламент Мәжілісінің баспасөз қызметінде бас кеңесші қызметін атқаратын Жігер Байтілесов те сондай азамат. Қай кезде, қалай жолықтырсаң да ол өз қызметінен басқа дүниемен шаруасы болмай, кәсіби міндеті бойынша айтуға тиісті, жазуға тиісті дүниелерімен шұқшия шұғылданып жүргенін көресің. Оның жазған мақалалары мен хабарламалары кәсібилігімен, мәселенің нақты түйіні қай жерде екенін дөп басатындығымен ерекшеленеді. Мәселен, Еңбек кодексін талқылау кезінде ол көптеген баспасөз құралдарына бірнеше мақалалар жариялады. Соның бәрінде ол Кодекс жобасындағы Қазақстан еңбеккерлерінің мүддесіне қайшы келетін тұстарды ашып көрсетіп, жұмыс берушінің ғана мүддесін көздеген тұстарды барынша дөп басып отырды. Кейін құжат қабылданғанда жұмыс берушілердің лоббиіне қарамай, солардың көбі ескерілді.

“Егемен Қазақстан” газеті 2006 жылдан бастап арнаулы “Парламент” бетін шығарып келеді. Осы кезден біз Жігермен тығыз байланыста жұмыс істеп жүрміз. Заң жобаларының алғаш рет қызу талқыланып, барынша өткір және аса қажетті, кәсіби пікірлер айтылатын жері – комитеттегі талқылаулар. Өйткені, мұнда осы мәселені егжей-тегжейлі білетін профессионалдар ғана қатысады. Комитеттегі талқылауларға ол үзбей қатысып, ел мүддесі үшін орынды пікір айтып, орнықты ұсыныс жасай білген депутаттардың ойымен халықты таныстырудан жалыққан емес. Редакцияның басқа жұмыстары бастан асып жатқандықтан, біз ондай мәжілістерге көп қатыса алмаймыз. Сондайда Жігер бізге көмекке келіп, комитет отырысында заң жобасы бойынша ана депутат өте орынды пікір айтты, сол кісіге көңіл аударыңыздаршы, соның ұсынысын жариялаңыздаршы деп үнемі орынды кеңес беріп отырады.

Ол барынша соны, ел үшін аса қажетті ұсыныстардың “Егеменнің” бетіне шыққанын қатты қалайды. Өзі орыстілді журналист болса да елдің бас газетінің орнын әрқашан жоғары бағалайды. Осының өзі оның патриоттық сезімінің де жоғары екенін көрсетсе керек. 2004-2005 жылдары ол бір тиын алмастан негізгі жұмысынан тыс уақытта “Астана” және “ЭраТВ” арналарында аптасына 20 минөт бойы депутаттармен барынша өзекті мәселелер бойынша сұхбат жүргізіп отырғаны, сөйтіп олардың шешілу жолдарының ел құлағына жете беруін қамтамасыз еткені де оның осы патриоттық сезімінің жоғары екендігін айғақтап тұр. Әйтпесе, қаншама

уақыт бойы дайындалып, тер төгуді қажет ететін жұмыстар үшін ақысыз-пұлсыз еңбек ететін адамды қазір табу қиын ғой.

2006 жылдың аяғында Жігер қызмет орнын ауыстырып, Президент Әкімшілігінің Әлеуметтік-саяси бөліміне бас сарапшы болып барды. Оның кәсіби біліктілігі сөйтіп еліміздің ең жоғарғы атқарушы органына да лайықты екендігі көрінді. Айта кетерлігі, сол жылы ол Қазақстан Журналистер одағы сыйлығымен де марапатталды. Қазақстан журналистері арасынан интернетке ең көп ақпарат орналастырған да сол жылы Ж.Байтілесов болып шығыпты. Оның интернеттегі 3700 ақпаратын шетелдіктер аударып басып, пайдаланған екен.

Жігердің патриоттық сезімінің жоғары екеніне тағы бір мысал айтқым келіп отыр. 2006 жылы жаздағы еңбек демалысында ол 15 жасар жиені Қуандықты қасына отырғызып алып, өзінің автокөлігімен Қазақстан тәуелсіздігінің 15 жылдығына арнап, еліміз бойынша жалғыз өзі автошеру жасаған. Ол Алматы қаласынан шығып, Балқаш, Қарағанды, Теміртау, Щучинск, Көкшетау, Қостанай, Хромтау, т.б. қалаларды басып өтіп, Ақтөбе қаласына, одан әрі Жиренқопадағы Қобыланды батыр кесенесіне дейін жетіп, 10 шақты күн жол жүрген. Осы сапарында өзі көрген дүниесінің бәрін Тәуелсіздіктің 15 жылдығына байланыстыра сабақтай отырып, жанарған Қазақстанды жұртқа таныстыру мақсатында “Жас Алаш” және “Экспресс К” газеттерінде мақалалар циклін жазды. Оларда елдің өзгерістерін көрсетумен қатар, жоқ-жітіктер да аталып өткен еді.

Ж.Байтілесовтің шын есімі Жігіткер. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп, 1980 жылы Алматы облысындағы Іле аудандық газетінде қызмет істеп жүргенде жас жігіттің қайтпас қажырлылығын көрген ағаларының бірі оның есімін Жігер деп атап кеткен екен. Сол дуалы ауыз ағаның айтқаны айдай келіп, жас қаламгер атына заты сай жігерлі журналист болып шықты. Ол ұзақ жылдар бойы Қазақстан Парламентінің аппаратында түрлі қызмет атқарып, елімізде парламентаризм институтының қалыптасуына өзіндік үлесін қосып келеді. Соның ішінде Парламент Мәжілісі хатшылығының меңгерушісі, БАҚ-пен байланыс жөніндегі бөлімнің бастығы, баспасөз қызметінің жетекшісі қызметтерін абыроймен атқарды.

Ол көп ізденеді, көп оқиды және білгендерін әріптестерімен бөлісуге де ерінбейтін абзал жан. Оның Парламенттегі тынымсыз еңбегі екі бірдей медальмен, бірнеше алғыс хаттармен аталып өтті. Үстіміздегі жылдың наурыз айынан бастап ол өзінің ежелгі орнына оралып, Парламент Мәжілісінің бас кеңесшісі қызметіне қайта кірісті.

Авторы: Жақсыбай Самрат.